

егемен

Академия



*Тұган жерге деген сүйіспеншілік тұган елге –  
Казақстанға деген патриоттық сезімге ұласады.*

Н.Э.НАЗАРБАЕВ

## Жаңғыру жыры

(Поэма)

Жырлаймын заманымды жаңа туған,  
Азаттық кіндігінен жаратылған!  
Елбасы бағдарымды айқындағы,  
Төрт бөліп түн ұқысын таң атырған.

Жүректің маздал ұміт төріндегі,  
Табылды ең керегім өмірдегі.  
Қалың ел, байтақ дала тебіреніп,  
Бабалар аунап түсті көріндегі.

Шаттығым нұрга бөлеп шаңырақты,  
Көnlілдің көк аспаның жадыратты.  
Асқақтап Бәйтерегім одан сайын,  
Жайқалып, жапырағын жамыратты!

Арманның көпен бірге астым белін,  
Берекем – ортамдағы тас дінгегім.  
Шаппайды бірлік барда – іргем берік,  
Койыма қорадағы қасқыр менің.

Жасымнан елім дедім, жұртыйм дедім,  
Ішімді қайдан ұқсын сыртыйм менің.  
Ұлттың өкпесіне құрт түскенде,  
Көксаудай құндіз-түн күркілдедім.

Айтпасаң ұлттың сөзін не боласың,  
Судай бол құмға сіңген жоғаласың.  
Қырандай көкке шырқап шыға алмайды,  
Қанатын карға қанша сабаласың.

Ежелгі елім де азды, жерім де азды,  
Ата салт қашан еркін белін жазды?  
Бір-бірін өкіла байлап күні кеше,  
Бір қазак бір қазақтың көрін қазды.

Сан қылы басымыздан заман өткен,  
Таптырмас құстың сүтін талап өткен.  
Қайтадан оралмасын ол зобалаң,  
Сұмдығын су түбіне ала кеткен.

Тағдырдың қатуланса қас-қабағы,  
Үйрер қара бұлтын аспан елі.  
Болған Елбасымыз болашақты,  
Бекерге жаңартқан жоқ астананы.

Дүниес жаңарады, ескіреді,  
Біреулер ескіргенін кеш біледі.  
Еліне тұтқа болған ерте туып,  
Ерлердің даңқы алысқа естіледі.

Айналса шауқарға қыран-намыс,  
Басынар қызыл түлкі бұландағыш.  
Іркіттей ірітеді берекенді,  
Үрда-жық әүлекілер ұрандағыш.



Киелі елім аныз, жерім аныз,  
Қайталап айта беріп неғыламыз.  
Азайып ақсакалдар сөз ұстаған,  
Көбейді көрітартпа көбік ауыз.

Жарқырап жайнамаймыз жаңармасақ,  
Ескіні ерегескен табанға сап.  
Көлденен жұрт күлмей ме жу rer жолды,  
Адасып ашық күнде таба алмасақ.

Жас үрпақ, түптегі асыл затынды ізде,  
Жалғасқан бабалардан хатынды үзбе!  
Жаһандық ұлы көшке ілесе біл,  
Жат емес кеше көрген «латын» бізге.

Өзінен көрсін әркім көз алдаса,  
Заманың өзгергенін сөзе алмаса.  
Шаң жұтып ескі жұртта отырамыз,  
Санамыз саф алтынадай тазармаса.

Қазағым, ортаң ала, тілің шұбар,  
Болғанда бірің егіз, бірің сыңар.  
Көсіліп өз тілінде сөйлемесен,  
Таң атып, қалай ерте күнің шығар?

Жұмылсақ қайсымызға тіс батқандай,  
Бірліктің білегінде күш батпандай.  
Елбасы кеменгерлік ойын айты,  
Күнгіртте қолыңа шам ұсташаңдай.

Бабалар бүгінгі үрпақ ұмытпасқа,  
Тағдырын жазып кеткен тіліп тасқа.  
Түскенде ұлт мұддесі таразыға,  
Өзара өкпе-назды сырып таста!

Қайтеміз мақтан етіп жер өлшемін,  
Киелі әр сүйемі кең өлкенін.  
Болғаны жұртың азат аздық етер,  
Болмаса рухың азат егер сенің.

Алаштың ашылмаған кімге esiri,  
Дәстүрлі құрғамасын жыр бесігі.  
Сақта деп Елбасымыз елдігінді,  
Құлаққа құйып отыр күнде осыны.

Іштегі айықтырып мың құмәнді,  
Бұл жолы құллі қазак шын қуанды.  
Сүйініп тілеулестер сәлем жолдап,  
Дүшпандар бір қабарып, бір қуарды.

Елбасы жөнге салып, әй, демесе,  
Қайтады жатқа кеткен қайдан есе?  
Елшінде не қасиет, не қадір бар,  
Тілінде мемлекеттік сөйлемесе?

Басып жүр бұл жалғанды қонышынан,  
Жалғасқан паракорлар жен ұшынан.  
Байындаі баяғының жылжымайды,  
Құйқалы, шебі шүйгін қонысынан.

Уақыттан желден жүйрік озарсын ба,  
Қалады байлық емес сөз артында.  
Жұртының жүргегінен орын алса,  
Кісінің айналады өзі алтынға.

Арзанға таптырмайды қымбат бақыт,  
Жіберсен сайтан менен жын қаптатып.  
Отырап ару қызың албасты бол,  
Көмейден көк түтінін будақтатып.

Дүшпаны бейғам елдің жалақтамақ,  
Қасқырдай қозынды кеп тамақтамақ.  
Дәстүрлі дініміздің шырқын бұзды,  
Шошайған теке сақал, шолақ балақ.

Күрсінем осыларды ойлағанда,  
Қазандай көкірекім қайнағанда.  
Жерінен жөргегінен мұндаиды сұмдық,  
Япыр-ау, болып еді қай заманда?

Бұғынар бұлтқа барып адасқан ай,  
Індепті ішке кірген аластамай.  
Жұмылған ашылмайды гүлдің көзі,  
Үйтқыған қара құйын толастамай.

Арылып шаң-тозаңнан, қыл-қыбырдан,  
Қырықтан құтылайық тілді бұған.  
Құрдымға кеткеніміз көне берсек,  
Қоғамның мінезіне мын құбылған.

Елбасы сілкінбесе тосын бүгін,  
Жұртый-ау, жиғызады есінді кім?  
Қадірін тал бесіктің қайдан білсін,  
Ұланың естімеген бесік жырын.

Көбеймес төрт түлігің төлдемесе,  
Шөп шықпас көктен жаңбыр селдемесе.

Уызға ұл мен қызың жарымайды,  
Үкілі өз бесігің тербемесе.

Үрпағын бойламаса асыл ойға,  
Көnlің жарқылдаған жасымай ма?  
Білмесе немерене өкпелеме,  
Жатқаның бабасының басы қайда.

Кінәлі кешегі өткен ғасыр бұған,  
Көл-көсір төгілді жас, шашылды қан.  
Атаңың ұмыт қалған басы түгіл,  
Атаусыз қалды қанша асыл мұран.

Шыға алмас тығырықта тірелген ой,  
Жоғалған жоғымызды түгендемей.  
Тәуелсіз қоштің жолы тузелмейді,  
Жүтенсіз кеткендерді жүгендемей.

Тұншықса күй-мұрамыз, ән-мұрамыз,  
Біз қалай жаңарамыз, жаңғырамыз?  
Төріне салтанатты сарайлардың,  
Шықпас алдыменен домбырамыз?

Баласы әкесінен туған аса,  
Биікке арман болмас ту қадаса.  
Қазақын дегеніңе кім сенеді,  
Қазақы қаның бойда туламаса?

Жайлаған еркін қонып, еркін көшіп,  
Атажүрт – күміс құндақ, алтын бесік.  
Құсадан жарылады нағыз казақ,  
Тұрмаса дала тербеп, тау тілдесіп.

Халқының қасиетін таныта алған,  
Қазактың бәрі көкжал, бәрі тарлан.  
Топырак олар үшін құдіретті,  
Бір тамшы кіндігінің қаны тамған.

Аралап туған жердің сай-саласын,  
Үрпағын ата жолын қайталасын.  
Ізінді іштен шыққан ұлың кумай,  
Қалайша қазақпын деп айта аласын?

Әкенің ізін бала танымаса,  
Атаға тартлағаны оның аса.  
Кім болар көкірекі нұрга толып,  
Даланың дархандығы дарымаса?

Әлемді кезбе болар шырлаған,  
Көзінے жат көрініп қыыр далаң.  
Бейшара атанады елден безген,  
Бақыттан бір түйір дән бұйырмадан.

Балаңның туған жерге көзін үйрет,  
Атадан қалған асыл сөзін үйрет!  
Мен кепіл, топ жармаса, бәйге алмаса,  
Бозекпе болмаса егер өзі қүйрек.

Қамшылап сүйресен де неше жерден,  
Шыға алмас тұлпар шыққан есек өрден.  
Нар ұлдар екे көрген оқ жонады,  
Арулар тон шішеді шеше көрген.

Білімнің биігіне құлаш ұрған,  
Құтеді халқым үміт шын асылдан.  
Альска ұзай алмас алайқтар,  
Кулығын қысқа күнде мың асырған.

Шарлаған шартаралты ұландарын,  
Ойға алған орындастын ұлы арманын.  
Алайда естерінен шығармасын,  
Шагатын тобығынан жылан барын.

Қасқайып қарсы жүрсе дауылға кім,  
Көтерер қындықтың ауыр жағын.  
Сақтай біл бет-бейненді қазаққа тән,  
Түссен де от пен суға, бауырларым!

Сүйемді сергек халық жалғандықты,  
Тектінің тұқымында талғам мықты.  
Альшың шық асқар таудың жотасына,  
Отаның ишіңде салған жүкті!

Төгіліп зердесінен алтын бұлак,  
Қазаққа құллі дүние салсын құлак.  
Жүрсөн де кай қыырда, кай түкпірде,  
Тұған ел жүргегінде болсын бірақ!

Жайнасын жеткіншектің бәрі түлеп,  
Құдайдан жалынамын соны тілеп.  
Тұрса екен кеуде керіп, асқақ қарап,  
Мына тау, мына дала менікі деп!..

Оз ұлың бастап отыр жарқын жолға,  
Тұпкі ойын түсіне біл, халқым, қолда!  
Зердесі зенгір көктей тұнық елге,  
Берері тәнірінің таусылған ба?!

Биіктеп ұшам десен алға сірә,  
Қам жаса қанатыңын талмасына.  
Қырандай дүр сілкініп қайта түлеп,  
Серік бол самғағанда Елбасыға!..

Несілбек АЙТҰЛЫ,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

АСТАНА